

Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері

АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛДАРҒА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

“Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері” ұлттық жобасы басталғалы ауданымызда бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Қазақстан халқына қолайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталған ұлттық жобаның бір мақсаты «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы аясында ауыл ішінде 12 мың шақырым инженерлік желі, 10 мың км кентішілік жолдар мен 1,5 мың әлеуметтік объектілер салынып, жөнделмекші.

Нақтырақ айтсақ, бұл ауылдардағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 100%-ға дейін жеткізуге, 3,5 мыңнан астам ауылдың инфрақұрылымын жаңа өңірлік стандарттарға сәйкес келтіруге, халықтың

дамуына, кәсіпкерлік саласы-
ның кең қанат жайуына
мүмкіндік береді.

Сондай бір шешімін күткен мәселе аудан аудандық маңыздағы автокөлік жолдарының басым бөлігінің

көлік жүргізушілерді де
әбден дінкелеткен еді.

Биыл аудандық маңыздағы Ақадыр кентінің 5,5 км шығыс айналма жолы орташа жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілген болатын. Бұны газетіміздің өткен сандарында



тым нашарлығы және асфальт төсемінің болмауы.

жазған болатынбыз. Сондай бір аудандық маңыздағы “56-разъезіне” кіре беріс 15 шақырым автокөлік жолына орташа жөндеу жұмыстары басталған болатын. Бүгінде осы жолдың 7 шақырым бөлігіне ресайклер атты арнайы техникамен жол негізі жасалып, асфальт төселді. Бұл жұмыстарды келесі жылы толығымен аяқтау жоспарлануда.

Аталмыш жұмысқа тапсырыс беруші ауданның тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі, ал жұмысты мердігер “Жаңа-Арқа-2006” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқаруда.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.



өмір сүру жағдайын жақсар-
туға, ауыл экономикасының

Иә, бұл жолдардың на-
шарлығы жолаушыны да

Луыл ажары

КӨШЕЛЕР ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛУДА

Биылғы жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен ауданымызға қарасты бірқатар елді мекендердің ішкі көше жолдарына жарықшамдар орнату жұмыстары қарқынды іске асуда.

Сондай жарықшамдар
жуырда Бұрма ауылы мен
Красная поляна ауылдық
округіне қарасты Бекет
ауылының ішкі көше жолда-

рына орнатылды. Нақтырақ айтқанда, Бұрма ауылының Жастар, Орталық және Бөйтерек көшелерінің бойына жалпы саны 45 жарық шам орнатылып, Сарыарқа және Құрылысшылар көшелерінің дала жарық шамдары темір жол торабына қосылып, жаңадан 9 жарық шам мен сымдары жаңартылып, күрделі жөндеуден өткен. Ал, Бекет ауылындағы көшелерге

70 дана бағана және 76 дана жарық шам орнатылып, ауыл көшелері жарықшаммен толықтай қамтылып отыр.

Айта кетерлігі, осы орнатылған жерік шамдарға әрі қарай қызмет көрсету ауылдағы “Шерубай-Су” кәсіпорнына міндеттелді.

Өз тілшімізден.

Аудан әкімдігінде

АУЫЛДАРДЫ САПАЛЫ ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

Сапалы интернет кез-келген іске ауадай қажет. Десек те бүгінде шалғай елді мекендерге интернет тарту мәселесі күн тәртібінде алдыңғы орында тұр. Мемлекет тарапынан халық саны аз елді мекендерге интернет тартуға арналған түрлі бағдарламалар жасалып, тиісті жұмыстар іске асуда.

Жуырда аудан әкімі М.Мұхтаров «Қазақтелеком» АҚ Қарағанды облысындағы филиалы «Желілік» бөлімшесі директорының телекоммуникация желілерін дамыту жөніндегі орынбасары А.Артықбаев пен жергілікті желіге техникалық қызмет көрсету орталығының цех бастығы С.Есжановты қабылдады.

Оның ішінде қазіргі таңда Ортау, Талды, Ақбауыр елді мекендеріне интернет желісін қосу, Қармыс ауылына радиомост орнату, Ақшатау кентін интернет желісімен толықтай қамту, Ақсу-Аюлы ауылының жаңадан салынған М.Жапақов және Жанқұтты би көшелеріндегі тұрғын үйлер мен Красная поляна ауылдық округіне қарасты Пикет ауылын кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету, Үңірек ауылына бір АТС қызметкері, яғни, монтер қажеттігі және «Қазақтелеком» АҚ-ы ғимараттарының сыртқы келбеттері архитекту-ралық талаптарға сай емес екендігі сөз болды.

Аудан әкімінің қабылдауында көтерілген мәселелерге орай байланыс саласының



Қабылдау барысында аудан әкімі ауданның бірқатар елді мекендерін интернетпен қамту өзекті мәселе болып отырғандығын айтып, мәселені мүмкіндігінше тезірек шешіп беруді сұрады.

басшылығы алдағы уақытта тиісті жұмыстарды қолға алатындығын айтты.

Өз тілшімізден.





beisenbi, 6 qazan 2022 jyl

Сайлау-2022

ШЕТ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ

Шет ауданының С.Сейфуллин кенті әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

Шет аудандық сайлау комиссиясы “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес 2022 жылдың 16 қазанына тағайындалған Шет ауданының С.Сейфуллин кенті әкіміне 3 кандидаттың тіркелгендігін хабарлайды:

- Балгабек Аблай Кунжолулы - 1962 жылы туған, С.Сейфуллин кентінің әкімі, С.Сейфуллин кентінің тұрғыны, «Amanat» партиясының ұсынуымен;

- Кошанова Гулжанар Кенешевна - 1990 жылы туған, С.Сейфуллин кенті әкімі аппаратының бас маманы, С.Сейфуллин

кентінің тұрғыны, өзін-өзі ұсынумен;

- Тыныбаев Бейбит Касипкулович - 1987 жылы туған, Бұрма ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Бұрма ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынумен.

**АУДАНДЫҚ
САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫ.**

СООБЩЕНИЕ ШЕТСКОЙ РАЙОННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

о регистрации кандидатов в акимы поселка С.Сейфуллина Шетского района

Шетская районная избирательная комиссия в соответствии со статьей 113-1 Конституционного Закона Республики Казахстан “О выборах в Республике Казахстан” зарегистрировала 3-х кандидатов в акимы поселка С.Сейфуллина Шетского района, назначенных на 16 октября 2022 года.

- Балгабек Аблай Кунжолулы - 1962 года рождения, аким поселка им.С.Сейфуллина, житель поселка С.Сейфуллина, по представлению партии «Amanat»;

- Кошанова Гулжанар Кенешевна - 1990 года рождения, главный специалист аппарата акима поселка им.С.Сейфуллина, житель поселка С.Сей-

фуллина, самовыдвижение;

- Тыныбаев Бейбит Касипкулович - 1987 года рождения, главный специалист аппарата акима Бурминского сельского округа, житель села Бурма, самовыдвижение.

ШЕТСКАЯ РАЙОННАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ

1-қазан - Қарттар күні

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

1 қазан Қарттар күні мерекесіне орай Ақжал кенті әкімдігі мен «NOVA-Цинк» ЖШС-і және кент ақсақалдар алқасының ұйымдастыруымен кенттегі «Әмір» мейрамханасында зейнеткерлерге мерекелік дастархан жайылып, құрмет көрсетілді.

Бұл мерекелік дастарханға Ақжал кентінен бөлек, Қарабұлақ, Ақшағыл елді мекендері-

нен 400-ге жуық зейнеткерлер шақырылды.

Барша жиналған зейнеткерлерді кент әкімі Қ.Садықов, «NOVA-Цинк» ЖШС-нің бас директоры М.Мұстафин, ардагерлер алқасының төрағасы С.Қамбар, кәсіподақ ұйымының басшысы Б.Қаппаров, Персоналды басқару бөлімінің басшысы Н.Батталов, ауыл имамы Б.Әбілмашев құттықтау сөз сөйлеп, қарттардың кенттің күнделікті қоғамдық өміріне белсене араласып, жастар тәрбиесінде алатын орны айрықша екенін, өсіп келе жатқан ұрпақ олардың тәжірибелері мен кеңестерінің аса

қымбат екенін тілге тиек етті.

Мерекелік шарада «Шұғыла» мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама қарттардың көңілдерін серпілтіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қариялардың қоғам үшін еткен қажырлы еңбектерін бағалап, үлкен құрмет көрсеткен «NOVA-Цинк» ЖШС-і басшылығына, мерекенің өз мәнінде өтуіне атсалысқан барша азаматтарға қариялардың алғысы шексіз.

**М.ЕРКЕБЕКОВА,
Ақжал кенті.**

Қазақ күресі

“ЖАС БАРЫС” ӨЗ ЖАЛАУЫН ЖЕЛЫРЕТТІ!

Жуырда С.Сейфуллин кентінде “Шет ауданының Жас Барысы” атты аудандық турнир ұйымдастырылып, өткізілді. Аталмыш турнирге 2002-2004 жылдары туған жастар, 2005-2006 жылғы жасөспірімдер мен 2007-2008 жылғы кіші жасөспірімдер қатысып, боз кілемде өзара бақ сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша түрлі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанған жас балуандар арнайы медаль, грамоталармен марапатталып,

облыстық “Жас барыс” турниріне жолдама алды.

Айта кетейік, биылғы жылы дәстүрге айналған облыстық турнир ағымдағы жылдың қазан айының 18-21 күндері аралығында С.Сейфуллин кентінің балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде өтеді деп жоспарлануда. Қазақ күресін қаршадайынан серік етіп, бозкілемде жоғары өнер көрсетіп жүрген балғын балуандарымызға алдағы дүбірлі додада сәттілік пен жеңіс тілейміз!

Өз тілшімізден.

10.08.2022 жылы қайтыс болған Ақиев Кенжетай Кадырұлының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен-жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, телефон: 8 7017481127.

13.08.2022 жылы қайтыс болған Нұрғалиева Нұржамал Идрисовнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен-жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, телефон: 8 7017481127.

Открыто наследственное дело после смерти Ахматуллиной Шахен Бейсенбековны, умершего 02.01.2022 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой 3 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв 14, телефон: 871033 27515.

Открыто наследственное дело после смерти Баймуханова Мейрама Каскырбаевича, умершего 18.12.2021 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой 3 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 8 71033 27515.

Открыто наследственное дело после смерти Абеннова Оразая, умершего 09.09.2021 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой 3 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 8 71033 27515.

Открыто наследственное дело после смерти Попова Евгения Николаевича, умершего 23.04. 2022 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Мухановой Б. Ж по адресу: Карагандинская область, Шетский район, с. Аксу-Аюлы, улица Кулеимонова, дом 17, тел. 87017511686.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«QAZ METALS COMPANY» ЖШС (БИН 210640026305, Тел. 8-777-925-3575) L-43- 16-(106-56-27.8,12,13,14,17) блоктарымен шектелген Томашев учаскесі, Қарағанды облысы Шет ауданында геологиялық барлау кезінде есер етуге рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша ашық түріндегі қоғамдық тыңдаулар туралы хабарлайды.

Тыңдау 2022 жылғы 14 қараша сағат 11.00, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал ауыл округі, Ақжал ауылы, Абай көшесі, 2, Шұғыла мәдениет үйі ғимаратында өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, эл. мекен-жайы expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. +7 (7212) 56 81 66, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші «АСУ ЭКО» ЖШС тел: +77026624010. Мекен-жайы: ҚР, Ақтөбе қ., көш. Бөкенбай батыр, 129Д, к. 168А, БСН 130940007888, электрондық пошта: Aigul-kz79@mail.ru

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары енгізілген жағдайда, оның ішінде карантин кезінде бұл қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өтеді. Шақыру сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/84650542160?pwd=cEJAUURyR3Q5MGU5VVJ0dGJTRDZhZDZ09>

Конференция идентификаторы: 846 5054 2160. Кіру коды: h444EV

TOO «QAZ METALS COMPANY», (БИН 210640026305, Тел. 8-777-925-3575) сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания на Проектные материалы для получения разрешения на возведение намечаемой деятельности к Плану разведки на лицензионной площади, ограниченной блоками L-43-16-(106-56-27.8,12,13,14,17) участок Томашевского, в Шетском районе Карагандинской области.

Слушания состоятся 14 ноября в 2022 году, 11.00, Карагандинская область, Шетский район, Ақжалская п.а., п.Ақжал, ул.Абая 2, здание Шұғыла мәдениет үйі

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», по адресу: г.Караганда, ул. Лободы, 20, эл.адрес rtiza.upr_krg@mail.ru, тел. +7 (7212) 56 81 66.

Разработчиком экологической документации является TOO «АСУ ЭКО» тел: +7 7026624010, РК, г.Актобе, ул. Бокенбай батыра, 129Д, оф. 168А, БИН 130940007888, эл. почта: Aigul-kz79@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в т.ч. карантина, данные общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Ссылка приглашения: <https://us05web.zoom.us/j/84650542160?pwd=cEJAUURyR3Q5MGU5VVJ0dGJTRDZhZDZ09>

Идентификатор конференции: 846 5054 2160 Код доступа: h444EV



Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Газеттің құрылтайшысы және меншік иесі М.Д.САДУАҚАСОВ

Директор-редактор
Мейрам Дәулетбекұлы

Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы, жауапты хатшы тел. 50-9-03
Қасымхан Отыншин, Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7057517898.
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Редакция мекен-жайы: Аксу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1380 дана. Газеттің басылу сапасына “Арқо” баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.

Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы “АРҚО” баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.